

Тақырып:

**Есімдіктің лексика-семантикалық
сипаты**

Сабақтың мазмұны

- 1. SMART – мақсат**
- 2. Теориялық бөлім**
- 3. Ой қозғау**
- 4. Ассоциограмма**
- 5. Жалпы тақырыпқа шолу**
- 6. СӨЖ тапсырмалары**
- 7. Жоба**
- 8. Тест тапсырмалары**
- 9. Мәтінмен жұмыс**
- 10. Аудиожазба**
- 11. Кейс стади**
- 12. Бейнеролик**
- 13. Глоссарий**

SMART мақсаты

Есімдік туралы жалпы түсінік. Мағыналық, тұлғалық жағынан білім беру. Ауызша, жазбаша талдау жұмыстарын жүргізе отырып, оқушылардың білімдерін толықтыру.

Теориялық білім

- Есімдіктер – заттың атын, сынын, санын, я олардың аттарын білдірмейтін, бірақ солардың орнына жұмсалатын сөз табы. Есімдіктер жіктеледі, септеледі тәуелденеді және көптеледі. Мағыналарына қарай есімдіктер мынадай топтарға бөлінеді:
- 1. Жіктеу есімдігі
- 2. Сілтеу есімдігі
- 3. Сұрау есімдігі
- 4. Өздік есімдік
- 5. Жалпылау есімдігі
- 6. Белгісіздік есімдігі
- 7. Болымсыздық есімдігі

- **1) Жіктеу есімдіктер** – белгілі бір жақ түрінде қолданылатын есімдіктің түрі. Мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар деген сөздер жатады.
- 2) Сілтеу есімдік – нұсқау және көрсету мағыналарын көрсетеді: бұл, мынау, анау, сол, мына, міне.
- 3) Сұрау есімдігі – жауап алу мақсатында қойылған сұрақтар. Қазақ тіліндегі барлық сұраулы сөздер жатады: кім? неше? қайда? неге?
- 4) Өздік есімдігі – әр түрлі тұлғадағы өз деген бір ғана сөз: өз, өзім, өз-өзіне, өзіміз.
- 5) Жалпылау есімдігі – жалпылау, жинақтау мағыналарын білдіретін есімдіктің түрі: барлық, бәрі, тегіс, түгел, күллі.
- 6) Белгісіздік есімдігі - белгісіз мәнде айтылатын сөздер. Жасалауына әр, бір, әлде деген үш сөз ұйтқы болып қызмет атқарады: әркім, әлдекім, әрқалай, бірнеше, бірдеме, кейбір, әрқалай.
- 7) Болымсыздық есімдігі – болымсыздық мағынаны білдіреді. Негізінде еш деген сөзбен кейбір есімдіктердің бірігуі арқылы жасалады: ешкім, ешқайда, ештеме, ешқашан, дәнеңе.

Морфологиялық ерекшеліктері

- **Есімдік**
 - Субстантивтік-
заттық ұғымдағы
сөздер
 - Атрибутивтік-
заттың белгісі
ұғымындағы
сөздер

- ◎ **Субстантивтік есімдіктер** қолданылу ретіне қарай зат есімдер сияқты көптеліп те, тәуелденіп те, септеліп те, жіктеліп те қолданылады. Мысалы: сендер, менің, кімге?
- ◎ **Атрибутивтік есімдіктер** дәл өз мағынасында қолданылып тұрғанда, түрлену формаларының ешқайсысын қабылдамайды. Мысалы: бұл, сол, қай? Түрлену формалары атрибутивтік есімдіктерге тек субстантивтенген жағдайда ғана қосыла алады

- ⊙ Есімдіктердің бәріне бірдей, бәріне тең ортақ заңдылық деп қарауға болатын белгілі формалары немесе өзгеру тәсілі жоқ.
- ⊙ Көптік мағынаны білдіретін **з** морфемасы. Мысалы: Сіз, біз.
- ⊙ **Н** дыбысы жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелу жүйесінде түсіп қалып, барыс септігінде пайда болады.
- ⊙ Есімдіктерден жаңа сөз жасалмайды

Синтаксистік қызметі

- ◎ Біз ауылға бірге бардық.- *бастауыш*
- ◎ Мен үшін сондай достың бірі сенсің.- *баяндауыш*
- ◎ Кіммен күрес деп отырсыңдар?- *толықтауыш*
- ◎ Ертең менің әжемнің туған күні.- *анықтауыш*
- ◎ Кітап дүкендерінен қарап көр, бәлкім, сонда болар.-
нысықтауыш

Ой қозғау

- Есімдік

- Жіктеу

- Сілтеу

- Сұрау


- Өздік

- Жалпылау

- Болымсыздық

- Белгісіздік


Ассоциограмма



Бұл, Осы, міне..



Мен, сен, ол



Ешкім



Бәрі, барша, барлық..



Өзі де...

СӨЖ тапсырмалары

- Есімдік деген не?
- Есімдіктердің сұрақтары?
- Жіктеу есімдіктерді ата?
- Жіктеу есімдіктердің септелуі?

Жооба

Көкейкестілігі:

Пәні:

Мақсаты:

Мәтінмен жұмыс

Мектеп жасына дейінгі балалардың кішігірім математикалық терминдері:



Кейс стади

Бір үйдің екі баласы көбейту кестесін жаттап жарысты. Інісінің шапшаңдығынан апасы кешігіп қалып қоя берді. Апасы баяу әрі көп ойланатын. Інісі апасының қатесін түзеп, күлді. Ал, апасы үнсіз бөлмеден шығып кетті.

Апасының орнында болсаң не істер едің?



Бейнеролик бойынша сұрақтар:

Глоссарий